

**Көкшетау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № С-27/2 "2019-2021 жылдарға арналған Краснояр ауылдық округі және Станционный кентінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 24 сәуірдегі № С-33/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 сәуірде № 7149 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкшетау қалалық мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Краснояр ауылдық округі және Станционный кентінің бюджеті туралы" 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № С-27/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7039 болып тіркелген, 2019 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2019–2021 жылдарға арналған Краснояр ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 1-1 және 1-2 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 176 608,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 31 526,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 370,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі –144 712,0 мың теңге;

2) шығындар – 179 955,0 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – -3 347 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 3 347 мың теңге."

;

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"2. 2019–2021 жылдарға арналған Станционный кентінің бюджеті тиісінше 2, 2-1 және 2-2 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер –64 910,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 3 585,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 184,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі –61 141,0 мың теңге;

2) шығындар – 65 524,3 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – -614,3 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 614,3 мың теңге."

;

келесі мазмұндағы 3-1, 3-2 тармақтарымен толықтырылсын:

"3-1. 2019 жылға арналған Краснояр ауылдық округі және Станционный кенті бюджетінде қалалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер 3-қосымшасына сәйкес қарастырылғаны ескерілсін.

3-2. 2019 жылға арналған Краснояр ауылдық округі және Станционный кенті бюджетінде ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер 4-қосымшасына сәйкес қарастырылғаны ескерілсін."

көрсетілген шешімнің 1, 2- қосымшалары осы шешімнің 1, 2- қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

осы шешімнің 3, 4-қосымшаларына сәйкес, көрсетілген шешім 3, 4-қосымшаларымен толықтырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алтыншы шақырылған  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының 33 –ші  
кезектен тыс сессиясының  
төрағасы*

*М.Елюбаев*

*Алтыншы шақырылған  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының хатшысы*

*Ж.Абишев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Көкшетау қаласының әкімдігі*

Көкшетау қалалық  
мәслихатының

2019 жылғы 24 сәуірдегі  
 № С-33/2 шешіміне  
 1 қосымша  
 Көкшетау қалалық  
 мәслихатының  
 2018 жылғы 24 желтоқсандағы  
 № С-27/2 шешіміне  
 1 қосымша

## 2019 жылға арналған Краснояр ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сома мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	176608,0
1			Салықтық түсімдер	31526,0
1	01		Табыс салығы	6776,0
		2	Жеке табыс салығы	6776,0
1	04		Меншікке салынатын салықтар	24541,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2420,0
		3	Жер салығы	1196,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	20925,0
1	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	209,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	209,0
2			Салықтық емес түсімдер	370,0
2	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	315,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	315,0
2	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	50,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	50,0
2	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	5,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	5,0
4			Трансферттер түсімі	144712,0
		02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	144712,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	144712,0

Функционалдық топ

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сома
Бағдарлама				мың
Атауы				теңге
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	179955,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	28629,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	28629,3
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28629,3
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	50201,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	50201,4
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	21589,4
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	16028,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	12584,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	34113,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	34113,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	34113,0
12			Көлік және коммуникация	57073,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	57073,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	57073,0
13			Басқалар	9706,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9706,0
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	9706,0
15			Трансферттер	232,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	232,3
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	232,3
			III. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			қаржы активтерін сатып алу	0,0
			IV. Бюджет тапшылығы (профициті)	-3347,0
			V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	3347,0

Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2019 жылғы 24 сәуірдегі  
№ С-33/2 шешіміне  
2 қосымша  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2018 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ С-27/2 шешіміне  
2 қосымша

## 2019 жылға арналған Станционный кентінің бюджеті

Санаты				Сома мың тенге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	64910,0
1			Салықтық түсімдер	3585,0
1	01		Табыс салығы	428,0
		2	Жеке табыс салығы	428,0
1	04		Меншікке салынатын салықтар	3157,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	437,0
		3	Жер салығы	974,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1746,0
2			Салықтық емес түсімдер	184,0
2	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	184,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	184,0
4			Трансферттер түсімі	61141,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	61141,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	61141,0

Функционалдық топ				Сома мың тенге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	65524,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15354,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15354,3
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15092,3
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	262,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11811,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11811,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1700,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1914,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	8197,0
12			Көлік және коммуникация	38359,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	38359,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	38359,0

	III. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
	қаржы активтерін сатып алу	0,0
	IV. Бюджет тапшылығы (профициті)	-614,3
	V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	614,3

Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2019 жылғы 24 сәуірдегі  
№ С-33/2 шешіміне  
3-қосымша  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2018 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ С-27/2 шешіміне  
3-қосымша

## **2019 жылға арналған Краснояр ауылдық округі және Станционный кентінің бюджетіне Көкшетау қаласының бюджетінен нысаналы ағымдағы трансферттер**

Атауы	Сума, мың теңге
1	2
Барлығы	25 910,0
Нысаналы ағымдағы трансферттер	25 910,0
оның ішінде:	25 910,0
Краснояр ауылдық округі әкімінің аппараты	25 000,0
Красный Яр ауылындағы Нұрлы Көш көшесінің жолдарын ағымдағы жөндеу	25 000,0
Станционный кенті әкімінің аппараты	910,0
Станционный кентін аббаттандыру	910,0

Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2019 жылғы 24 сәуірдегі  
№ С-33/2 шешіміне  
4-қосымша  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2018 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ С-27/2 шешіміне  
4-қосымша

## **2019 жылға арналған ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер**

Атауы	Сума, мың теңге
1	2
Барлығы	2 520,0
Нысаналы трансферттер	2 520,0
оның ішінде:	2 520,0
Краснояр ауылдық округі әкімінің аппараты	1 887,0
Станционный кенті әкімінің аппараты	633,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ